

АРТЫНДА ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ҚАЗҰУ ТҮЛЕГІ

Өткен жылдың аяғында еліміздің ғалымдар қауымдастығын елең еткізген терең мағналы оқиға орын алды. Қазан айының 22-23 күндері Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде кезекті 11- Халықаралық «Бейсызық жүйелердегі хаос және құрылымдар. Теория және тәжірибе» атты ғылыми конференция өтті. Есте қалатын маңызды үрдістерге де, арасында біркүндік оқиғаларға да мол өтпелі заманда аталмыш конференция ерекшелігі – оның тұрақтылығында. Екінші мыңжылдықтың қиын-қыстау соңғы жылдарында әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ профессоры З.Ж.Жаңабаевтың ұсынысы бойынша, сол кісінің тікелей бастауымен Қарағандыда өзінің бірінші мәжілісін өткізген конференция жиырма жылдан астам уақыт аралығында халықаралық ғылыми қауымдастыққа танымал, өзіне лайық орны бар абройлы ғылыми форумға айналды. Осы айтылған сөздерге кезекті мәжілісте замануи бейсызық физика, альтернативтік энергетика және инновациялық білім беру мәселелеріне бағытталған 4 секцияларда талқыланған Қазақстан (10 қаланың өкілдері) мен АҚШ, Польша, Латвия, Болгария, Россия (8 ғылым-білім орталықтары), Украина, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан ғалымдарының 111 баяндамасы негіз бола алады.

Кезекті 11-ші конференция өзінің жұмысын Қарағанды мемлекеттік университетінде ұзақ жыл қызмет атқарған, конференцияның жемісті еңбегіне, халықаралық қауымдастыққа белгілі болуына зор үлес қосқан профессор Қаппас Құсаиыновты еске алуға бағыштады. Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетін 1974 жылы үздік бітірген Қ.Құсаиынов 1949 жылы 21 қараша айында Шығыс Қазақстан облысының Сарыжыра ауылында дүниеге келеді. 1978 жылы аспирантура бітірісімен ол Е.А.Бөкетов атындағы мемлекеттік университетіне жолдама алып, қысқа болсада, жарқыраған өмірін осы танымал оқу орнымен байланыстырады. Қаппас Құсаиыновты көп жыл аралығында диссертация қорғау Кеңесінің ғылыми хатшысы, ҚР БҒМ арнаулы комитетінің физика және энергетика бойынша эксперттік Кеңесінің ғылыми хатшысы, ҚР ЖАК жылу энергетикасы бойынша координациялық Кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарды. Жоғары білім беру саласындағы жетістіктері үшін екі мәртебе «ЖОО үздік оқытушысы» атағына ие болды. Қ.Құсаиынов ерен еңбегі үшін ҚР БҒМ Құрмет грамотасымен, Қарағанды облысы әкімінің грамоталарымен, ҚР білім беру саласындағы Құрметті қызметкері, Қар МУ еңбегі сіңген қызметкері белгілерімен марапатталған. Профессор Қ.Құсаиынов ұзақ жылдар бойында «Eurasian Physical Technical Journal», «Қарағанды университетінің хабаршысы. Физика сериясы» журналдарының редакциялық коллегияларының құрамында белсенді жұмыс атқарып, бұл басылымдардың ғылыми қауымдастық арасында белгілі де абройлы болуына үлес қосты. Қаппас Құсаиыновтың білім беру саласындағы, ғылымдағы және қоғамдық жұмыстағы осындай елеулі еңбегі жоғары бағаланып, 1996 жылы ҚР инженерлік академиясына мүше болып сайланды.

Профессор Қ.Құсаиынов 2003 жылдан бастап жарық өмірінің соңғы күндеріне дейін (2016) академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің инженерлік жылу физикасы кафедрасының меңгерушісі міндетін атқарды. Бұл қызметте Қаппас Құсаиыновты өзінің жоғары деңгейдегі педагог, ғалым, ұйымдастырушы екенін көрсете білді. Қ.Құсаиыновтың бастауымен кафедра университетте, Орталық Қазақстанда майталман инженерлер дайындайтын ғылыми ұжымға айналды. Шетелдік, олардың ішінде Германия, Италия, Болгария, Латвия, Россия, Украина және т.б. елдердің ғалымдарымен байланыс орнатылып, өндірістік қолданбалы проблемаларға көңіл бөлінді. Оның ішінде, әсіресе, «Электр гидравликалық құбылыстарды технологиялық процестерде қолдану» тақырыбы бойынша ғылыми ізденістерді атау керек. Жан-жақты зерттеулер нәтижелері құбыр бетіндегі қақты бұзып, тазалау үшін қолданыс тапты, еліміздің кейбір өндіріс орындарында ертеден қалыптасқан фосфорды бөліп алу проблемасын шешуге мүмкіндік беретін болды, табиғи және техногендік қорлардан сирек кездесетін бағалы компоненттерді

бөліп алуға қолданылды. Аталған мәселелер тек зерттеліп қана қоймай, кейбір жағдайда өндірістік қондырғылар деңгейіне дейін жеткізілді, бірнеше авторлық куәліктер, АҚШ, Ұлыбритания, Қазақстан патенттері алынды.

Қаппас Құсаиынұлы түбегейлі ғылыми ізденістерді қолданбалы өндірістік мәселелермен ұштастыра білді. Еліміздің географиялық орналасуына байланысты жел энергетикасына көп көңіл бөлінетіні белгілі. Бір қарағанда бұл мәселенің шешімі жеңіл сияқты болып көрінеді, яғни, республика территориясының басым бөлігінде жыл аралығында жел үнемі үріп тұрады. Бірақ, ескен желдің жылдамдығы төмен (2-3 м/с), ал белгілі өнеркәсіптік желгенераторларының жұмысы 5-7 м/с жылдамдыққа бейімделген. Сондықтан желэнергетикалық қондырғыларды жетілдіру, жылдамдықтары төмен ауа ағындарын мейілінше кең қолдану отандық энергетиканың бірден бір маңызды мәселесі болып саналады. Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ғалымдарының осы бағытта Қ.Құсаиновтың басшылығымен жасаған ғылыми ізденістері бірнеше мемлекеттік гранттарға ие болып, инновациялық патенттер алды. Қолданысқа ұсынылған бірнеше нұсқалардың ішінде, әсіресе, қалақтарының беті сыртқы шарттарға байланысты өзгеріп тұратын жел қондырғысы көңілге қонымды. Қуаты 3,5 кВт сондай бір үлгілік жекеленген гибридтік желэлектрстанциясы ҚарМУ нің физика-техника факультетінде жұмыс істеп тұр.

Профессор Қ.Құсаинов 10 ғылым кандидаттары мен докторлардың, 30 ға жуық магистрлердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасаған. Ол 350 ден аса баспа еңбектердің, оның ішінде 5 монография, оқулықтар авторы, Қазақстанның, Россияның, АҚШ тың, Жапонияның 17 патентіне иегер болды. Кезінде дамуына, тұрақтауына ерен еңбек сіңірген инженерлік жылу физикасы кафедрасының түлектері бүгінде Орталық Қазақстанның барлық жылуэнергетикалық кешендерінде, байтақ еліміздің түкпір-түкпір бұрыштарында халқына елеулі еңбек атқарып жүр.

Өткен жылы Қазақстандағы білім мен ғылымның бас ордасы, жоғары оқу орындарының көш бастаушысы, дүниежүзілік 210 алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының тізіміне кірген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзінің 85 жылдық мерей тойын кең атап өткені жұртшылыққа белгілі. Осы ұлы жетістіктерге, туған білім ордасының дүниежүзілік қауымдастыққа танымал болуына елеулі үлес қосқан, артында өшпес із қалдырған ҚазҰУ түлегі Қаппас Құсаиновтың жарқын бейнесі жүрегімізде қалады.



Қ.Қ.Құсаинов – Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеттің жылуфизика кафедрасының меңгерушісі



Марапаттау рәсімі. Қ.Құсаинов, ұстаздары, ҚазҰУ профессорлары: солдан оңға қарай
З.Ж.Жаңабаев, С.И.Исатаев

Авторлар: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ нің ерте жылдардағы түлектері:
ҚарМУ доценті С.Е.Сакипова, ҚазҰУ профессоры А.Ж.Тұрмұхамбетов

